

МЫ ГОТОВЫ И ДАЛЬШЕ УКРЕПЛЯТЬ СОТРУДНИЧЕСТВО С РУМИНИЕЙ ДЛЯ ВЗАИМНОГО УВЕЛИЧЕНИЯ ОБЪЕМОВ ТРАНЗИТНЫХ ГРУЗОПОТОКОВ И ОБМЕНА ПЕРЕДОВЫМ ОПЫТОМ В ОБЛАСТИ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫХ ПЕРЕВОЗОК И ЛОГИСТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ. УЧИТЫВАЯ, ЧТО НАШИ СТРАНЫ ЯВЛЯЮТСЯ УЧАСТНИКАМИ СОГЛАШЕНИЯ ПО РАЗВИТИЮ МЕЖДУНАРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО КОРИДОРА, МЫ ТАКЖЕ ЗАИНТЕРЕСОВАНЫ В РАЗВИТИИ СОТРУДНИЧЕСТВА В ОБЛАСТИ ПЕРЕВОЗОК ПО ДАННОМУ КОРИДОРУ.

Марат КАРАБАЕВ,
министр транспорта Казахстана



№15 (2945)
13/02/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



«KAZLOGISTICS» ЕСЕП БЕРДІ

«KAZLOGISTICS» Қазақстанның көлікшілер одағы өткен жылғы жұмысын қорытындылады. Отырысқа еліміздің көлік министрлігі өкілдері мен ҚТЖ басшылығы және басқа да құзырлы мекемелер басшылары қатысты. Жиында теміржол, автожол, көлік логистикасы, су көлігі, азаматтық авиация бойынша жұмыс топтары басшыларының есебі тыңдалды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жылдың қорытынды жұмыстары туралы одақ төрағасының орынбасары Юрий Лавриненко баяндама жасады. Айтуынша, быттыр одақта ынтымақтастық туралы 17 меморандумға қол қойылған. Көлік саласының жалпы көрсеткіштеріне тоқталған ол соның ішінде теміржолмен жүк тасымалы 28 пайыз, теңіз порттары арқылы жүк тасымалы 15,3 пайыз артқанын айтты. Сонымен бірге теміржол арқылы жолаушылар тасымалы 2,12 пайыз өскен.

– Қазіргі уақытта көлік пен логистикаға жаңа көзқараспен қарап, барлық жерде жаңа инновациялар мен технологияларды енгізуге басымдық беріледі. Цифрлық шешімдер заманауи логистика мен көлікте шешуші рөл атқарады, процестерді басқару мен оңтайландырудың дәстүрлі тәсілдерін

өзгертеді, бизнес-процестердің тиімділігін арттырады және қызмет сапасын жақсартады. Біз сапалы автомобиль жолдарын, жаңа теміржол өткелдерін салу, Ақтау портының порт инфрақұрылымының мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ қазақстандық жүк авиациялық тасымалдаушыны құру бастамаларын қолдаймыз. Бұл ретте Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік органдардың өзара толық байланысы болуы қажет деп санаймыз, – деді Юрий Лавриненко.

Ол өз баяндамасында көліктің барлық түрлеріне тоқтала келе, соның ішінде теміржол бойынша алдағы жылға арналған жоспарлар туралы да айтты. Нақты айтқанда, вагондардың тұрып қалғаны үшін он еселенген мөлшерде айыппұл төлеуге байланысты ҚР ИИДМ 2019 жылғы 2 тамыздағы № 612 бекіткен теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау ережелерінің нормаларын қайта қарау бойынша көлік министрлігімен бірлес-

кен жұмыс жалғасын табады. Сондай-ақ тариф белгілеу жүйесін өзгерту не республикаішілік және экспорттық қатынастарда контейнерлермен жүк тасымалдауға төмендету коэффициентін беру тетігін енгізу мүмкіндігі қаралады.

Конвенциялық тыйым салулар мен тасымалдауға шектеулер жарияланған кезде «Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңының 35-бабының нормаларын қарау көзделуде. ҚТЖ цифрландыруды дамыту есебінен экспедитордың кодтарын рұқсатсыз пайдаланудан қорғау жөніндегі бірлескен іс-қимылдар жөніндегі мәселені қарап, талқылау қажет. Сонымен қатар 2024 фрахталық жылға арналған теміржол көлігімен жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы тасымалдаушы мен экспедитор арасындағы Үлгілік келісімшарттарды енгізу жоспарланған.

Қорытынды жиынға қатысқан «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев салада атқарылып жатқан жұмыстар Мемлекет басшысының Қазақстанды ірі көлік логистикалық хабқа айналдыру туралы тапсырмасы аясында жүзеге асып жатқанын жеткізді. Сондықтан сыртқы және ішкі клиенттерге сапалы қызмет ұсынуға көліктердің барлық түрлері бойынша мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп отырғанын атап айтты. Аталған одақ құрамына бүгінде 66 көлік компаниясы мүше, олардың қатарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС, «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ Экспресс» АҚ, «Ақтау теңіз сауда порты» АҚ, «Air Astana» АҚ, «Scat» әуе компаниясы және тағы басқалары бар.

Суретті түсірген автор

УКРОТИТЕЛИ СТИХИИ



В конце минувшей недели штормовой ветер и буран остановили на ряде трасс движение автотранспорта и внесли коррективы в расписание авиарейсов. Чтобы обеспечить бесперебойную перевозку пассажиров и грузов, железнодорожники перешли на усиленный режим работы. С 7 по 9 февраля они убрали более 80 тысяч кубометров снега.

Первая декада февраля отметилась экстремальными снегопадами. В очистке станционных путей и стрелочных переводов с 7 по 9 февраля были задействованы более 7 500 железнодорожников, в том числе 384 работника второй очереди. Всеми видами техники с 7 по 8 февраля осуществлено 279 выездов: 203 выезда снегоочистительных машин СДПМ, при этом очищено 12 868 километров пути, и 237 рейсов снегоборочных машин СМ, которые убрали 60 770 кубометров снега.

9 февраля осуществлено 96 выездов техники: СДПМ – 67 выездов, очищено 5 806 километров пути, СМ-2 – 92 рейса, убрано 23 000 кубометров снега.

В целом за три дня очищено 18 674 километра железнодорожного полотна и вывезено 83 770 кубометров снега.

Из-за введения ограничения на автотодорогах республиканского значения 8 февраля АО «Пассажирские перевозки» организовало эвакуацию более 400 пассажиров.

Роман ЛЮБИМОВ

УАҚЫТ БЕЛДЕУІ ЕСКЕРІЛЕДІ



1 наурыздан бастап Қазақстанда уақыт белдеуінің теңестірілуі пойыздар қозғалысына қалай әсер етеді, яғни уақыт бір сағат кері жылжыған кезде билетте көрсетілген уақыт пен таблодағы уақыт айырмасы қандай болмақ.

Көктемнің алғашқы күні Қазақстанның барлық облыстарындағы сағаттар үшін бірыңғай бесінші уақыт белдеуі енгізіледі. Осылайша Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен Абай, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау және Шығыс Қазақстан облыстары уақытты 1 сағат артқа жылжытады. Бұл өзгеріс осы өңірлерге қатынайтын жолаушылардың әуе және теміржол тасымалына да әсер етпек.

– Жолаушылар тасымалына жауапты пойыздардың уақыт кестесін жасағанда Қазақстан бойынша бірыңғай уақыт белдеуінің енгізілетіні ескерілді. Наурыз айында пойыздардың қелу-кету уақыты ортақ уақыт белдеуі бойынша болады. Бұл өзгеріс жолаушы билеттерінде де қарастырылған. Енді азаматтардың өз сағаттарындағы және техникалық құрылғыларындағы уақыт көрсеткіштері дұрыс болса болды. Сұрақ туындаса, 1433 телефонна хабарласуға болады, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметінің өкілі Нұрсұлтан Ибраев.

Оның айтуынша, пойызға міну үшін билеттегі уақыттан бір сағат ерте, не кеш келудің қажеті жоқ. Өйткені билете уақыт айырмашылығы есептелген.

Ұлан ОРАЗ



Дайыр КӨШЕРОВ,
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ
Қаржы жөніндегі басқарушы
директоры:

ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫНДА
ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДА
АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРГЕ
ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН КОМПАНИЯ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЕҢБЕКАҚЫ
ТӨЛЕУДІҢ НАРЫҚТЫҚ БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІ ЖАҒДАЙЛАРЫН
ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША БАРЛЫҚ
КҮШ-ЖІГЕРІН ЖҰМСАЙДЫ.
СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДА КОМПАНИЯ
ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ЖА-
ЛАҚЫСЫН КӨТЕРУГЕ 241 МЛРД
ТЕҢГЕ БАҒЫТТАДЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2024-2026 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТА
ЖАЛПЫ БЕКІТІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК
ЖЕҢІЛДІКТЕР МӨЛШЕРІ

5 млрд

ТЕҢГЕГЕ ҰЛҒАЙЫП ОТЫР.

КОМПАНИЯ БОЙЫНША БЫЛТЫР

10 000

ЖУЫҚ ЖҰМЫСШЫ МЕН
ЗЕЙНЕТКЕР ШИПАЖАЙЛАРДА
ДЕМАЛДЫ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ
БОЙЫНША

102

ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНЫ САТЫП
АЛЫНҒАН.

Конкурс

ЛУЧШИМ – «ЗОЛОТАЯ КАСКА»

Высший уровень безопасности и охраны труда на производстве продемонстрировало локомотиворемонтное депо Сексеул, ставшее победителем ежегодного конкурса «Золотая каска».

Любовь РОВБА,
Астана

Конкурс традиционно проводится ТОО «Қамқор Локомотив» в партнерстве с компанией Wabtec, начиная с 2018 года. Его основная цель – обеспечение «нулевого травматизма» и вовлеченности коллективов предприятий в вопросы обеспечения безопасности и охраны труда.

Обладателя «Золотой каски» выбрали из семи филиалов ТОО «Қамқор Локомотив», которые осуществляют сервисное обслуживание локомотивов. Конкурсная

комиссия оценивала такие показатели работы, как отсутствие несчастных случаев, нарушений в области охраны труда и экологии, пожарной безопасности, а также постоянное совершенствование и внедрение лучших практик по безопасности и охране труда.

– В течение 2023 года филиалы внедряли проекты, направленные на обеспечение «нулевого травматизма». По итогам их реализации, а также проанализировав состояние безопасности и охраны труда, был выявлен победитель. Высший уровень



безопасности на производстве продемонстрировал коллектив локомотиворемонтного депо Сексеул, – отметил технический директор ТОО «Қамқор Локомотив» Жанатбек Адамбаев. – Поздравляем с заслуженной наградой и желаем дальнейших успехов в производственной деятельности!

Директору локомотиворемонтного депо Сексеул

Фото автора

ЖЕТІ БАСТАМА ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Бірінші бастама бойынша қолданыстағы теміржол инфрақұрылымының өткізу қабілетін 2029 жылға дейін арттыру бағдарламасы әзірленген. Бағдарлама 184 теміржол станциясын дамытуды, 2

814 км автоблоктауды енгізуді, 338 км екінші және айналма жолдарды салуды көздейді. Бірінші кезеңде басымдыққа ие іс-шаралар жүзеге асқан. Атап айтқанда, Қызылжар станциясын дамыту бойынша жобалық-сметалық құжаттама (ЖСК) әзірленіп, жолдың үстіңгі құрылымын төсеу жұмыстары аяқталған. Ақсу-1

станциясы бойынша жер төсемі дайындалып, эстакада кеңейтілген. Сонымен қатар Қостанай станциясының Солтүстік паркінің 10 жолы және Шеңгелді станциясы бойынша 5 жол қалпына келтіріліп, сондай-ақ, ЖСК әзірлеу үшін жобалық топ құрылыпты.

Екінші бастама, теміржол инфрақұрылы-

мы нысандарының тозуы мен моральдық тұрғыдан ескірген техникалық құралдарды пайдалану деңгейінің жоғары екенін ескере отырып, 2029 жылға дейін магистральдық теміржол желілерінің нысандарын жаңғырту және дамыту бағдарламасы жасалған. Бұл бағдарламаны дирекция мамандары Көлік және логистика академиясымен бірлесіп отырып әзірлеген екен. Онда активтердің ағымдық жағдайы, нысандарды жөндеу және күту сценарийлері жасалып, жаңа теміржол желілерін салу және жаңғырту қарастырылған. Бағдарламада көзделген іс-шараларды жүзеге асыру үшін тартылатын инвестиция көлемі 8 трлн теңгеге құрайды. Алайда, аталған бағдарламаның іске асуы теміржол инфрақұрылымының, ең алдымен транзиттік бағыттардағы резервтік өткізу қабілетін жедел қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

(Соңы 2 бетте)

НЕГІЗГІ КҮШ – ЖОЛШЫЛАР

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Сексеуіл



ҚЫС – ҚАТАЛ
СЫНШЫ

Биылғы қыс маусымы аса қаталдық танытпаса да жиі-жиі қар жауып, боран соғып, ауа райы сенімсіз болып тұр.

Сексеуіл станциясы басшылығы күн сайын пысықтау инструктажын өткізіп, қар тазалау маневрлік жұмыстарға кедергі келтірмес үшін жұмыс басында белгі беруші белгіленіп, ескерту белгісі қойылып, бекет кезекшісінің ДУ-46 кітабына жазба енгізілген.

Ал жолшылар жұмыс істеп жатқанда бірін екіншісі көре алатындай қашықтықты сақтауы, маусымдық киімнің болуы, суықтан қорғанатын заттармен қамтылуы бақылауға алынған. Ауа-райының қолайсыздығына байланысты ІІЧ жұмысшылары да бағдаршам, электрожетектерге күтім жасауды арттырып, ЭЧ мамандары электр құрылғыларының үзіліссіз жұмыс жасауын қадағалауда.

Өткен аптада жауған қардан құрылғылар мен жолдарды тазалау жұмысын станциядағы барлық сала теміржолшылары бірлесе атқарды. Әйтсе де негізгі күш жолшыларға түскені белгілі.

Мұрат Байділдаев басқаратын Сексеуіл жол дистанциясының жолшылары станция жолдарынан бастап телімдердегі нысандарды қардан тазалаумен қатар күнделікті жоспарлы жол күтімін де кейінге қалдырған емес.

– Бүгін қар тазалаумен қатар станцияның солтүстік алқымындағы ІЗ-қабылдап-жөнелту жолының ентабанын технологиялық талапқа сай қалыпқа келтіріп жол күтімін жасап жатырмыз. Ағымдық күтім жұмысы кезінде жол жөндеушілер Азамат Тәженов, Ерғали Алимов пен Ғанибек Ахметалиев рельс төсеніші мен бекітпелердің беріктігін қадағалауда. Ерлан Көптілеуов пен Дәуіржан Сахитжанов рельс арасын шаблонмен үнемі өлшеп, еңкіш түскен тұстар биіктетіліп жол төсемін нығыздаудамыз. Бүгін топқа бөлініп жұмыс істегендіктен екінші топтағы жол жөндеушілер Руслан Қалмағанбетов, Жандос Бажиров, Қанай Қалмағанбетовтің тобы біздің алдымызда жолды қардан тазалап бара жатыр, біз олардың тазалаған жерлерін үстемелеп бақылап жол күтімін жасап келеміз, – деді Сексеуіл жол дистанциясы телім бастығының орынбасары Жаржан Ермаханов.

Суретті түсірген автор

БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫ ЖАҢАРУДА

 **Қосыйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау



ТЕХНОЛОГИЯ

Сигнализация және байланыс дистанцияларының жұмысын жақсарту жаңа техникаларды кеңірек пайдалану технология дамып жатқан қазіргі заманда аса қажет.

«Бағдаршамдар мен бұрмалардағы электржетектерінің, станциялардағы рельс тізбектері элементтерінің, батарея шкафтарындағы аккумуляторлардың, стативтер мен релелік шкафтардағы аспаптардың қалыпты жағдайда жұмыс істеуін дистанция мамандары жоспарға сай техникалық кесте бойынша қалтқысыз орындауда», – дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесінің СОБ және электрмен қамту бөлімі бастығы Амангелді Бержанов.

Бытырғы жылы құрылғыларды күтіп ұстау бойынша жасақталған кешенді жоспар негізінде 144 дана электржетек ағымдық жөндеуден өтіп, 2023-2027 жылдарға жоспарланған өндірістік бағдарламаға сәйкес ІІЧ-8 және ІІЧ-9 сигнализация және байланыс дистанцияларында автобұғаттау бойынша әуе желісі ұзындығы 13,8 шақырым СБЗІП 10Х2 маркалы жер асты кабеліне ауыстырылыпты. ІІЧ-8-Атырау, ІІЧ-9-Ақжайық және ІІЧ-11-Құлсары сигнализация және байланыс дистанцияларында 27 аралықта автобұғаттау желісіндегі еңістерінің монтаж сымдарын, 7 дана жол желішігі мен стрелка қорапшалары, 18 дана релелік және батарея сөресі, 185 дана аккумуляторлар, 10 шақырым магистральдық желі кабелдері, Бейнеу – Оазис, Жамансор-377 бекеттері аралығында, 377 бекеттің өзінде, Мақат, Мұқыр станцияларында барлығы 10 дана бағдаршам бағандары ауыстырылған. Яғни, өңірде көп құрылғылар мен бағдаршамдар түбегейлі жаңарып жатыр. Сондай-ақ, Құлсары, Бейнеу, Мақат, Доссор станцияларына портативті радиостанцияға арналған 4 антенна қондырылып, Д.Нұрпейісова, Афанасьев, Исатай, Тұманды, Коркол бекеттерінде ұзындығы 26,5 шақырым әуе желісінде ілініп тұрған кабельдерінің жері қазылып, көму жұмыстары жүргізілді. 465, 467 бекеттерінде ЭО модульдік ғимаратының айналасына абаттандыру жұмыстары жүргізілді. 470, Бекбике бекеттеріне кезекшілердің демалыс орнына арналған модульдік ғимарат та қондырылып іске қосылыпты.

Суретті түсірген автор

Мерейтой



 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Батыс теміржолында бірнеше бөлімшеге басшылық етіп, бірнеше тарихи жобаның ұйытқысы болған азаматтың «Ғасыр жобасы» атанған Хромтау – Алтынсарин темір жолының құрылысын ұйымдастырудағы, сонымен қатар тасымалдау процесін автоматтандырудағы алғашқы жоба «Пойыздар қозғалысын басқару орталығының» құрылуына тікелей атсалысқан ерен еңбегі теміржол тарихына алтын әріппен жазылмақ.

«Өмірімнің темір жолда өткеніне бір күн де өкінбеймін. Тәртіпке бағынып, жауапкершілікті сезініп бой түзедік. Жұмыс оңай болған жоқ. Еңбек жолымды институт бітірген соң пойыз құрастырушы болып бастап, қозғалыс саласындағы барлық сатыдан өткенше ондаған жылдар өтті. Ол кезде тәртіп солай болды, мейлі сен екі дипломды жоғары білімді маман бол, теміржолдағы жазылмаған заңдылық – жұмысты ең төменгі лауазымынан бастап, бәрінен өтуге тиіссің. Бұл жас маман үшін өте тиімді тәжірибе, үлкен бір мектеп болды. Мен мысалы, сол жылдар ішінде пойыз құрастырушы, дөңес кезекшісі, парк кезекшісі, станция кезекшісі, станса бастығының пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі көмекшісі, шұғыл жұмыс жөніндегі орынбасары, жүк және коммерциялық жұмыс жөніндегі орынбасары т.т. қызметтерді атқара жүріп, өндірісте үлкен тәжірибе жинадым. Бұл менің кейінгі 20 жылдағы басшылық қызметімде көмек болды, бүкіл станциялар жұмысын, қозғалысын көрмесем де көз алдымнан өткізіп, біліп отырамын», – деп шешіліп әңгімеледі мерейтой иесі.

Бөріхан Сматуллаұлы 1964 жылы 12 ақпанда Ақтөбе облысы Новоресей ауданында дүниеге келген. 1981 жылы орта мектепті бітіріп, Алматыдағы көлік инженерлері институтына түседі. Бес жыл оқып диплом алған соң 1986-1988 жылдар аралығында Отан алдындағы борышын өтеген.

«Кез келген жұмыстың қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Мен де дайын теміржолшы боп туған жоқпын, алдымдағы аға буыннан

Бөріхан БЕРКІМБАЕВ:

ТАҒДЫРЫМА РИЗАМЫН...

Саналы ғұмырын киелі кәсіпке сарп етіп, тағдырын теміржолмен табыстырған ол бүкіл батыс жұртшылығына кеңінен танымал. Құрметті теміржолшы, «Құрмет», «Еңбек даңқы» ордендерінің иегері, әр жылдары Атырау облысы Мақат және Жылой аудандарының, Ақтөбе облысы Шалқар ауданының «Құрметті азаматы» атанған «КТЖ-Жүк тасымалы» «Батыс» филиалының директоры Беркімбаев Бөріхан Сматуллаұлы 60 жасқа толып отыр.

үйренгенім көп болды. Осы салада аянбай еңбек еткен, бүкіл батыс теміржолшыларының ұстазы болған Амангелді Селбайұлы, Кенжехан Үсембекұлы секілді ағалардан алған тәлім-тәрбием мол болды. Темірдей тәртіп, жауапкершілік, бірсөзділік – олардың ұстанымы еді, бізді де ең алдымен осы қасиеттерді сақтауға үйретті. Бүгінде мен де ізбасар буын тәриелейтін жасқа келдім. Шәкірттерімнен де талап етерім осы, сосын басыңды кесіп алам десе де өтірік айтпа деймін. Әсіресе, ер адамдар, қандай жағдайда да азаматтың азамат болып қалуы – ең бірінші абырой» деп сыр ақтарды кейіпкеріміз.

Он жылдай өндірісте еңбек етіп, басшылықтың сеніміне ие болған маманның карьерасы 90 жылдардың соңынан бастап көз ілеспес жылдамдықпен өсе берді... Ақтөбе тасымалдау бөлімшесінің бас инженері, Жүк және коммерциялық жұмыс бас басқармасының Атырау аймақтық өкілдігінің бастығы, Атырау тасымалдау бөлімшесі директорының бірінші орынбасары қызметтерін атқарған соң 2000-2005 жылдар аралығында Ақтөбе бөлімшесінің директоры болды. Сосын бірнеше жыл Атырау бөлімшесін басқарып, қайтадан Ақтөбеге оралды. Бүгінде «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Батыс филиалының директоры. Сонымен қатар, Ақтөбе қаласында ашылған пойыздар қозғалысын басқару орталығының іске қосылуына да кейіпкеріміздің үлесі мол. Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда облыстары аумағынан өтетін пойыздардың қозғалысын реттеп отыратын орталық елімізде ең бірінші рет Ақтөбе қаласында жұмысын бастады.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның цифрлы трансформация бағыты бойынша іске асырылған тұңғыш қанатқақты жобасы – Пойыздарды басқарудың өңірлік орталығы тұңғыш рет Ақтөбеде ашылды. ПБӨО/РЦУП-1 болып тарихта қалған осы орталықтың жобасы мен алғаш құрылған, қалыптасқан кезеңі Бөріхан Сматуллаұлының көз алдында, тікелей ұйымдастыруымен өтті. Бес облыстағы теміржол қозғалысын бір жерден басқару мүмкіндігіне қол жеткізу жобасы бір кездері қиял секілді көрінген.

Бірақ, жоба толық жүзеге асырылып, бүгінде 3 өңірде орталықтар ашылып, тиімді жұмыс істеп жатыр.

Ол құлазыған иен даланы қақ жарып салынған Хромтау – Алтынсарин темір жол желісінің құрылысына бастан-аяқ қатысып, ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында болды. Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігіндегі темір жол желісін толыққанды қалыптастыру миссиясына атсалысқан жүздеген теміржолшылар қатарында болғанын мақтаныш етеді.

«Хромтау – Алтынсарин темір жолы құла дүзге жан бітіріп, жүздеген адамның жұмыспен қамтылуына мүмкіндік берді. Ішкі тасымал жолының бірнеше есеге қысқарып, транзиттік мүмкіндіктің еселеп артуынан бөлек, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Қарағанды облыстарынан ет, бидай, металл өнімдерінің мұнайлы өлкеге жеткізілуіне үлкен қолайлылық туды. Теміржолдың елге беріп жатқан берекеті мол, қазақ деген халықтың маңдайына біткен бағы бұл болат жолдар», – дейді кейіпкеріміз.

Б.Беркімбаев бірнеше шақырылымда облыстың мәслихат депутаты болып сайланған теміржол тарланы. Ол аймақтағы қордаланған проблемалар мен жергілікті халықтың әлеуметтік мәселелерінің оң шешілуіне қал-қадірінше атсалысып жүр. Тағы бір хоббиі – сонау студент кезден жақсы көретін сүйікті спортынан қол үзбей, 2009 жылдан бастап Қазақстанның шайбалы хоккей федерациясының Атырау филиалын басқарып, «Бейбарыс» хоккей командасын құрды. Команда бірнеше жыл ел чемпионатының алтын жүлдесіне ие болды.

Ел ағасы жасына жетіп отырған Бөріхан Сматуллаұлы жұбайымен екі ұл өсіріп, бала-келіні Талғат-Камила, Қанат-Алтынайdan Қайсар, Жәңгір, Мариям және София деген балдай тәтті немерлер сүйіп отыр.

Тарлан теміржолшыны мерейтойымен құттықтауға асыққан бүкіл батыс жұртшылығының: Ақтөбе, Атырау, Орал, Маңғыстау және Қызылорда теміржолшыларының ізгі тілегі мен құрметін жеткізе отырып, Бөріхан Сматуллаұлына деніңіз сау болып, жемісті еңбегіңіз жалғаса берсін дедім.

Суретті түсірген автор

ЖЕТІ БАСТАМА ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

(Соңы. Басы 1 бетте)

Үшінші бастама 2023-2029 жылдар аралығында темір жолдарды жөндеу бойынша өндірістік бағдарлама әзірлеуге арналған. Оның шеңберінде 11 мың км теміржолға жөндеу жүргізу межеленген. Бытыр осы бағдарлама аясында 1443 км жол жөнделіп, нәтижесінде бекітілген қозғалыс жылдамдығын сақтауды қамтамасыз етумен қатар жолаушылар пойыздары үшін жылдамдықты 657 шақырымда, Тальго жолаушылар пойыздары үшін 581 шақырымда, жүк және контейнерлік тасымалдар үшін 605 және 481 шақырымдарда арттыра түскенін айтар едік. Десек те, қозғалыс қауіпсіздігін бұзу оқиғаларының төмендегеніне қарамастан, өткен жылы рельстердің сынып кетуі көп болуына байланысты жұмыста қиындықтар туындағаны белгілі болып отыр. Әрине, оларға жасаған талдау жұмыстары, сынып кету оқиғаларының дені ауа температурасының күрт төмендеуі кезінде болғаны және де атаған бұзушылық фактілерін жасыруға көл бермеу мақсатында бытыр жарияланған жұмысшыларды жазалауға мораторий енгізілген байланысты көп анықталған.

Осыған байланысты дирекция жолды диагностикалау орталығымен бірлесе отырып рельстердің мұндай сыну жағдайларын болдырмау үшін 2024 жылға арналған тиісті іс-шаралар әзірлеп, оның ішінде жекелеген технологиялық процестерді қайта қарау және жол қозғалысы қауіпсіздігін бұзу жағдайларын жасырғаны үшін басшылардың жауапкершілігін арттыруды қарастыруда.

Дирекцияның төртінші бастамасы жол және қалпына келтіру жұмыстарына арналған заманауи техника сатып алу бағдарламасы бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Жылжымалы құрамды және ауыр жүк көліктерін жанарту мақсатында әзірленген бағдарлама шеңберінде бытыр 4 млрд теңгеден астам сомаға 5 техника сатып алына, биыл 197 бірлік техниканы сатып алу көзделінуде екен.

Магистральдық желі дирекциясы өн-



дірістік бағдарламаларды іске асырумен қатар санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсартуға және еңбекті ұйымдастыру деңгейін арттыруға көп көңіл бөлуде. Сол себепті дирекцияның бесінші бастамасы еңбек жағдайын жақсарту, тағысын тағы мәселелерге арналған.

Мәселен, шалғай елді мекендерге барып жұмыс істейтін дистанция жұмысшылары орналастыру үшін барлық қажетті инженерлік желілер қосылған модульдік ғимараттар сатып алынған. Жол жұмысшыларының қысқа мерзімді демалуы үшін контейнерлер жылу пункттеріне ыңғайластырылып, жабдықталған. Бұдан бөлек, жұмысшылар мен қажетті құрал-жабдықтарды жұмыс орнына жеткізу үшін көліктер сатып алынған. Сонымен қатар қол еңбегінің үлесін азайту және өндірістік процестерді жеңілдету мақсатында шағын көлемді механикаландыру құралдары сатып алына, тұрмыстық және өндірістік үй-жайларға қолайлы еңбек жағдайларын жасау шеңберінде жиһаздар мен тұрмыстық техникалар, ал желілік және өңірлік бөлімшелердің өкілшілік-басқару персоналының кабинеттерін жабдықтау үшін оргтехникалар алынған. Жалпы,


дирекция тарапынан 2023 жылы Санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту және еңбекті ұйымдастыру деңгейін арттыру бағдарламасына 19,1 млрд теңге бөлінді.

Алтыншы бастама ғимараттарды жөндеу бағдарламасын жүзеге асыруға арналған. Оның шеңберінде өткен жылғы көлемі 59 мың м² құрайтын 208 өндірістік және әкімшілік ғимараттарға ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Ал жетінші бастама, Компанияның басты құндылығы қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігін сақтауға бағытталған. Дирекция мамандары алған тартқан деректерге сүйенсек, өткен жылы 2022 жылғы 8 жағдаймен салыстырғанда 7 жазатайым оқиға тіркелген. Алайда, өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейінің жалпы жақсара бастағанына қарамастан, өкінішке орай, адам өлімімен аяқталған екі жазатайым оқиға орын алыпты. Сол себепті Дирекция 2024 жылды «Еңбек қауіпсіздігі және технологиялық процесті сақтау жылы» деп жариялады. Осыған байланысты «Еңбек қауіпсіздігі – 2024-2027 жылдарға арналған өндірістерді басты басымдық» бағдарламасы әзірленіп отыр.

Суретті түсірген Сабырхан НӘДІРБАЕВ

КТЖ: ПОДВЕДЕМ HR-ИТОГИ ГОДА



В интервью директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Сауле Истлеева рассказала не только об итогах HR-работы компании в 2023 году, но и поведала о том, как выстраиваются коммуникации внутри компании.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

– Сауле Машуровна, расскажите, пожалуйста, об итогах HR-работы компании в 2023 году в плане повышения зарплат сотрудникам?

– В рамках мероприятий по улучшению социально-экономического положения работников железнодорожной отрасли, достижению республиканского уровня заработной платы за последние три года проведена значительная аналитическая работа для принятия управленческих решений по повышению базовой части заработной платы (оклады, месячные тарифные ставки), а также развитию перемной части (региональные коэффициенты, показатели текущего премирования). В итоге среднемесячная заработная плата работников КТЖ за 2023 год повысилась на 29% в сравнении с 2022-м. Это очень хороший результат. При этом напомним, что мы с 1 января повысили оклады работников линейных предприятий на 5%, с 1 марта – на 15%.

Нами продолжится работа по развитию системы премирования производственного персонала по принципу коэффициента трудового участия (КТУ). Внедрение указанного вида премирования началось с 2020 года, и в настоящее время текущим премированием охвачено 87% производственного персонала. В первом полугодии 2024 года системой текущего премирования мы охватим весь производственный персонал.

– Какая работа проводилась в части развития персонала?

– С учетом вызовов по трансформации компании в транспортно-логистический холдинг мы ищем и внедряем новые подходы по развитию бизнес-компетенций работников.

Так, совместно с бизнес-академией «Самрук-Қазына SBA» мы разработали модульную программу развития для главных инженеров регионального уровня «Алғы шеп» («Первая линия»), затем разработали корпоративные программы для машинистов-инструкторов, для ревизоров по безопасности движения поездов. Еще один масштабный проект – это передвижная школа от внутренних тренеров «Білім экспресі» с проведением выездных тренингов в 13 регионах по развитию личностно-деловых качеств работников на темы: «Управление конфликтами», «Клиентоориентированность», «Внутренние коммуникации», «Стрессоустойчивость».

– А в чем цель проводимых программ?

– Эти корпоративные программы развития направлены на повышение безопасности в первую очередь, а также на повышение культуры лидерства во всех направлениях деятельности, начиная с производственной эффективности, комплаенс культуры, этики поведения, трудовых отношений и условий труда. Мы уверены, что полученные знания положительно скажутся на экономических показателях, показателях безопасности труда и производственных показателях подразделений.

– Какими еще достижениями гордится HR-блок АО «НК «КТЖ»?

– Гордиться есть чем. К примеру, по итогам 2023 года агентством S&P Global КТЖ присвоено позитивный рейтинг ESG. Получены 54 балла из 100, из них по социальному аспекту рейтинга – 59 из 100. Для сравнения средний балл по транспортному сегменту (более 300 компаний), который оценило S&P Global, в два раза ниже

КТЖ и составляет 26 баллов. Это указывает на высокую оценку, полученную нашей компанией, характеризующую наличие культуры устойчивого развития для внешних стейкхолдеров и главное для наших клиентов и бизнес-партнеров.

